

Арыс қаласының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 323 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 6323-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 7-тармағына және 6-бабының 2-тармағына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Арыс қаласының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арыс қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қаласының әкімі

Г. Курманбекова

Арыс қаласы әкімінің
2023 жылғы 1 шілдедегі
№ 323 қаулысына қосымша

Арыс қаласының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстері

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекенжайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KXAR-1	К X - 8 - Арыс-Орманды-Теміржолшы елді мекендеріне кіреберіс жол	0-8,9	8,9
2	KXAR-2	КX-8 - Байыркүм елді мекеніне кіреберіс жол	0-3,5	3,5
3	KXAR-3	КX-8 - П.Арапов елді мекеніне кіреберіс жол	0-2,2	2,2

4	KXAR-4	KX-92 - Бақырша елді мекеніне кіреберіс жол	0-8	8
5	KXAR-5	KX-15 - Қаражантак елді мекеніне кіреберіс жол	0-6,6	6,6
6	KXAR-6	KX-8 - Онтам елді мекеніне кіреберіс жол	0-1	1
7	KXAR-7	KX-92 - Тоғансай елді мекеніне кіреберіс жол	0-7	7
8	KXAR-8	KX-13 - Шөгірлі елді мекеніне кіреберіс жол	0-4,5	4,5
9	KXAR-9	KX-13 - Байтоғай елді мекеніне кіреберіс жол	0-13,5	13,5
10	KXAR-10	KX-2 - Қызылкөпір елді мекеніне кіреберіс жол	0-1,5	1,5
Барлығы:				56,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК